

сотрудников правоохранительных органов; проведение обзоров виктимизации населения, опросов осужденных, получение экспертных оценок.

Резюмируя вышеизложенное, можно отметить следующее: комплексное воздействие на причинно-факторный комплекс, обуславливающий латентизацию преступности в Республике Казахстан позволит сократить его масштабы и минимизировать негативные последствия.

Литература

1. Лунеев В. В. Преступность XX века. Мировые, региональные и российские тенденции. – Изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: Волтерс Клувер, 2005. – 868 с.
2. Муканов Д. Ж. Криминологические проблемы латентизации преступности в Казахстане: Дисс. ... канд. юрид. наук: 12.00.08. – Алматы, 2009. – 136 с.
3. Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук, Институт русского языка им. Виноградова В. В. – 4-е изд., доп. – М.: ООО «Издательство ЭЛПИС», 2003. – 944 с.
4. Акутаев Р. М. Криминологический анализ латентной преступности: Дисс. ... д-ра юрид. наук: 12.00.08. – СПб., 1999. – 358 с.
5. Горяинов К. К., Овчинский В. С., Кондратюк Л. В. Улучшение взаимоотношений граждан и милиции: доступ к правосудию и система выявления, регистрации и учета преступлений: научный доклад. – М., 2001. – 47 с.
6. Лунеев В. В. Преступность XX века. Мировые, региональные и российские тенденции. – Изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: Волтерс Клувер, 2005. – 868 с.
7. Хохряков Г. Ф. Криминология. – М.: Юрист, 1999. – 501 с.
8. Милюков С. Ф. Классификация скрытых преступлений по степени их латентности // Латентная преступность: познание, политика, стратегия: м-лы междунар. сем-ра. – М.: ВНИИ МВД РФ, 1993.
9. Акутаев Р. М. Криминологический анализ латентной преступности: Дисс. ... д-ра юрид. наук: 12.00.08. – СПб., 1999. – 358 с.
10. Муканов Д. Ж. Криминологические проблемы латентизации преступности в Казахстане: Дисс. ... канд. юрид. наук: 12.00.08. – Алматы, 2009. – 136 с.

Авторлық және патенттік құқықтың даму тарихы және Қазақстанда зияткерлік меншіктің қалыптасуының заңнамалық негіздері

Тұрғанбаев Т. А.

Аңдатпа

Осы баяндамада зияткерлік меншіктің даму тарихы, зияткерлік меншік құқығын қорғау саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының қалыптасуының, халықаралық құжаттарда авторлық құқық және сабақтас құқықтардың түсініктерін бекіту мәселелері және оларды ұлттық заңнамада ерекше регламенттену мәселелері ашылады.

Аннотация

В данном докладе освещаются вопросы истории развития интеллектуальной собственности, становления законодательства Республики Казахстан в сфере защиты прав интеллектуальной собственности, закрепления понятий авторских и смежных прав в международных документах и их особой регламентации в национальном законодательстве.

Abstract

This report reveals the history of development of intellectual property and basic stages in the legislation of the Republic of Kazakhstan in the sphere of protection of intellectual property rights, issues of securing the concepts of copyright and related rights in international instruments and their particular regulations in national legislation.

Зияткерлік меншік институты қоғамның, ғылымның, техникалық прогрестің дамуына, автоматтандырылуға байланысты өзінің құқықтарын, өзінің мәртебесін қорғауда белсенді ұстанымды иелене бастады. Сондықтан оны қорғау мәселелері бүгінгі күні қазіргі заманғы қоғамды толғандыратын бірінші кезектегі мәселе болып табылады, және олар тұрақты түрде ғылыми жағынан зерделеуді, мемлекеттік реттеуді және заңнама тұрғысынан бекітуді қажет етеді.

Зияткерлік меншікті қорғау проблемаларының туындауы нарықтың пайда болуымен бір мезгілде дүниеге келді және даму үстінде. Мәселен, тарихқа сәйкес Ұлыбританияда патенттік құқық 17-ғасырдың басында; АҚШ пен Францияда – 18-ғасырдың аяғында, Ресейде – 19-ғасырдың екінші жартысында қалыптасты.

Патенттің бірінші аналогының пайда болуын 1234 жылға жатқызады. Сыртқы киімнің бұрын болмаған қалыбын ойлап тапқан тігінші 15 жыл бойына оны қолданудың эксклюзивті құқығын пайдаланды. 1421 жылы Флоренцияда сәулетші Питти Филиппо Брунчеллиге кеменің бұру кранын ойлап тапқаны үшін берілген патент әлемдегі бірінші патентке жатқызылады. Әлемдегі бірінші патент заңы 1474 жылы Венецияда қабылданды, оған сәйкес Республиканың әрбір азаматының өзінің әзірленімін 10 жыл бойына өндірісте пайдалануға тыйым салу құқығы болды.

Ұлыбританияда зияткерлік меншікті қорғаудың қазіргі заманғы жүйесінің іргетасы екі құқықтық актімен қаланды. Бұл 1624 жылы шығарылған «Король І Яковтың монополиялары туралы жарғы» болды, ол техникалық жаңашылдықты жасаған және қолданған әрбір адам үшін сол жаңашылдық әкелген пайда мен артықшылықтарды 14 жыл бойына жеке өзінің ғана пайдалануы құқығын белгіледі. Екінші құжат Анна ханшайымының 1709 жылғы жарғысы болып табылады, онда «ғалым адамдардың пайдалы кітаптарды жасауы мен жазуын көтермелеу» туралы айтылды. Кітаптың авторына ол басылып шыққан сәттен бастап 14 жыл бойына туындыларын жариялаудың ерекше құқығы берілді.

Осыдан жария етілген туындыны қорғауға арналған жеке құқық институтының қалыптасуы көрінеді. Осы жаңа енгізілімдер Еуропа елдерінің көпшілігінде өздеріндегі осындай мәселелерді заңнамалық тұрғыдан реттеу үшін үлгі қызметін атқарды.

Әлемдік қоғамдастықта зияткерлік меншіктің қалыптасуындағы аса маңызды қадам 1833 жылғы Париж конвенциясы болып табылады, ол өзінің мәні бойынша халықаралық бағдарламалық келісім бола отырып, зияткерлік меншікті қорғаудың бірыңғай қағидаттарын айқындайды.

1871 жылғы Германимпериясы Конституциясының зияткерлік меншік ұғымын қамтығандығына қарамастан, 19 ғасырдың аяғында оның заңдық маңызы жоқ деп таныған немістің заңдық ғылымы оны теріске шығарды және авторлық құқық ұғымымен және материалдық емес құқықтармен алмастырды. Тек Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана зияткерлік меншік ұғымы заң әдебиеті мен заңдардың мәтіндерінде, мысалы Бавария, Баден және Гессен жерлерінің конституцияларында қайтадан пайда бола бастады.

Ресейде 1812 жылғы 17 шілдеде қол қойылған Көркемөнер мен кәсіпшіліктегі әр түрлі өнертабыстар мен ашылымдарға арналған артықшылықтар туралы манифест заңы бірінші патентке айналды. Бұл акт Батыс Еуропаның неғұрлым либералды заңдарынан құралған тәсілдерді білдірді және елеулі өзгерістерсіз 1870 жылға дейін қолданыста болды. Манифестке сәйкес артықшылықтар беруді Мемлекеттік кеңестің бекітуімен және патшаның атынан Мануфактуралар және ішкі сауда департаменті бойынша Ішкі істер министрлігі жүргізді және арнайы жарлықпен ресімделді.

Ресейдегі алғашқы өнертабыс 1814 жылы «ағысқа қарсы кемелер жасауға арналған құрылғы» үшін француз Пуа де Барденің атына тіркелді. Тапсырыс бойынша сараптама объективті болған жоқ, өйткені бұған дейін орыс өнертапқышы И. П. Кулибин нақ осы мақсаттарға

арналған неғұрлым жетілдірілген машинаны жасаған еді. 1813 жылдан бастап 1917 жыл аралығында 36 079 өнертабыстың тіркелгенін айтсақ та жеткілікті.

Тек 1896 жылы ғана іс жүзінде Қаржы министрлігінің жанынан Ресейдің патенттік ведомствосына айналған, кейіннен кеңестік Өнертабыс істері жөніндегі комитетті құру кезінде негізгі қызмет атқарған Техника істері жөніндегі комитет құрылды. Осы органның құрылуы уақыт өте келе нарықтық қатынастардың ажырамас бөлігіне айналған өнеркәсіптік және зияткерлік меншік институтының қалыптасуына ықпал етті.

Сонымен бірге, авторлық құқықтың құқықтық құбылыс ретінде бірден емес, ұзақ уақыт даму нәтижесінде пайда болғандығын атап өту қажет. Авторлық құқықтың бастаулары антикалық уақытта да өмір сүрді және бірінші кезекте әдебиеттегі ұрлыққа қарсы күрестен көрінді. Мәселен, ежелгі Мысыр заңды түрде кітаптың отаны болып саналады – алғашқы әдеби туындылар нақ сол жерде пайда болды. Ондағы авторлардың ерекше қасиеттері өздерінің туындыларын өзінің атына емес, олардың «мәңгі өмір сүруінің» кепілдігі ретінде қандай да бір құдайға таңушылық ниетінен көрінді.

Афинада әдеби шығармашылық, баспа ісі және кітап саудасы жеткілікті жоғары деңгейге жетті. Ежелгі Грецияда қазіргі заманғы түсініктен алыс кітап шығару ұғымы пайда болды. Ежелгі грек сөзі «экдосис» (басып шығару) автордың өзі немесе оның басшылығымен қағазға түсіруші әдеби туындының түпнұсқасын дайындайтын, содан соң одан тапсырыс берілген көшірмелері көшірілетін белгілі бір үдерісті білдірді. Шығарманы автордың рұқсатынсыз және бақылауынсыз барлық ниет білдіргендер көшіріп жазды, бұл шығарманың бұрмаланған нұсқаларының пайда болуына әкелді. Сондықтан шығармалардың түпнұсқалары, бірінші кезекте драмалық шығармалардың – комедиялар мен трагедиялардың мәтіндері жария мекемелерге сақтауға берілді және дайындалған көшірмелерді салыстыруға ғана емес, авторды плагиаттан қорғауға да мүмкіндік беретін өзіндік эталондар қызметін атқарды. Плагиат азаматтың ар-намысын масқаралайтын қылық ретінде қарастырылды және көбінесе қоғамнан аластаумен жазаланды. Алайда, азаматтық құқықтың гүлденуі уақыты ретінде әділ бағаланатын Империя кезеңіндегі Римнің өзінде қолжазбаға арналған меншік құқығынан ерекшеленетін заңмен бекітілген шығарманың құқығы туындаған жоқ.

Антикалық дүниеде арнайы құқықтық қорғаудың болмауы шығармалардың көпшілікке ұсынылатын толыққанды тауарға айналуы үшін оларды қажетті жеткілікті мөлшерде шығаруға мүмкіндік беретін техникалық құралдардың болмауымен түсіндіріледі. Қолжазба қолмен қайта жазылатындықтан, картина қайта салынатындықтан және т.б. шығармаларды көбейту қиындық туғызды. Бір данада ғана немесе бірнеше қолжазба көшірмелері түрінде ғана болатын шығарманың авторы басқа адамға сата алатын немесе сыйлай алатын материалдық объектінің меншік иесі болып табылды. Шығарма материалдық емес объект ретінде өзі орналасқан материалдық объектінен іс жүзінде бөлінбейтіндіктен, осы түрдегі қатынастарды реттеу үшін меншік құқығынан өзге құқықтық институт құру талап етілген жоқ.

Сондықтан зерттеушілердің көпшілігі авторлық құқықтың пайда болуын Еуропада кітап басып шығарудың ойлап табылуымен байланыстырады. Гуттенберг деген лақап атпен белгілі Иоханн Генсафлейш 1440 жылы біздің кезге дейін сақталмаған алғашқы баспа кітабын шығарды. Гуттенбергінің өнертабысы шығармалардың көшірмелерін дайындау үдерісін жеңілдетті, кітаптардың бағасы төмендеді және олар едәуір қолжетімді болды – енді қолжазбаны көп таралыммен басып шығару және қалың көпшілікке тарату мүмкіндігі туды. Сол арқылы авторлардың шығармашылық еңбегінің нәтижелері толыққанды тауарға айналды және тұрақты кіріс әкелуі мүмкін болды. Және ерекше қорғаудың қажеттілігі туралы мәселені алғашқы болып баспашылар қойды.

Артықшылықтар жүйесінен авторлық құқық бағытына жасалған алғашқы қадам 1709 жылы 11 қаңтарда Англияда жасалды. Қауым палатасында «Авторларға немесе баспа кітаптарының

көшірмелерін сатып алушыларға қазір белгіленетін уақытқа құқықтарды соңғыларына бекіту жолымен ұйымды көтермелеу туралы» заңның жобасы тыңдалды. 1710 жылғы 10 сәуірде Ханшайым Аннаның жарғысы деген атпен көбірек белгілі болған жоба заң күшіне ие болды. Жарғыға сәйкес автор 14 жыл бойына өз шығармасын басып шығаруға ерекше құқықты иеленді, ол құқықты осы мерзімге баспашыға беруі де мүмкін болды. Туындыға арналған құқық автордың бірқатар рәсімділіктерді орындауы шартымен туындады – Жарғыда шығармалар жарияланғанға дейін оларды Баспашылар мен кітап саудалаушылар компаниясының тізіліміне тіркеу, сондай-ақ шығармалардың даналарын университеттер мен негізге кітапханаларға депозиттеу талап етілді. Көрсетілген 14 жыл өткеннен кейін басып шығару құқығы авторға қайтарылды және ол оны басқаға, оның ішінде басқа баспашыға тағы 14 жылға беруі мүмкін болды. Басып шығаруға берілетін ерекше құқықты бұзу шығарманың заңсыз басып шығарылған даналары тәркілене отырып, ірі айыппұл салумен жазаланды.

Францияда авторлық құқық туралы заңнаманың пайда болуы революцияға дейінгі барлық заңнаманың, онымен бірге бұған дейін жекелеген авторлар мен баспашыларға берілген артықшылықтар жүйесін жойған 1789 жылғы буржуазиялық революцияның тікелей салдары болды. Олардың орнына екі нормативтік акт қабылданды – Туындыны жария ұсыну құқығы туралы 13 (19) шілдедегі декрет және Қайта шығару құқығы туралы 1793 жылғы 13 (24) шілдедегі декрет. 1791 жылғы декрет драмалық шығармалардың авторларына автордың бүкіл өмірі ішінде жария ұсынуға арналған ерекше құқық берді, бұл құқық ол қайтыс болғаннан кейін 5 жыл мерзімге мұрагерлікке берілді. 1793 жылғы декрет әр түрлі жазба үлгісіндегі шығармалардың авторларына, композиторларға және суретшілерге Республика аумағында өз шығармаларын сатуға, сату үшін беруге, таратуға, сондай-ақ оларға меншік құқығын толығымен немесе ішінара басқаға беруге ерекше құқық берді. 1793 жылғы декрет автордың барлық құқықтарын мұрагерлерге он жыл мерзімге беруді көздеді.

Сонымен бірге жалпы құқық елдерінде авторлық құқық басқа бағытта дамыды. Жалпы құқық елдерінде, негізінен Ұлыбритания мен АҚШ-та шығарманы тудырушыға философиялық негізін өз кезінде Дж. Локк әзірлеген, табиғи меншік құқығына негізделген құқық бекітілді. Алайда авторлық құқық туралы жазылған заңдарды жасау кезінде шығарма тудырушыларға шектелген мүліктік қорғау ғана берілді; жазылған заңдар барлық жалпы құқыққа код бермеді, қайта шығаруға мерзімдік құқық нысанындағы мүліктік құқық бере отырып, оны ауыстырды. Заң шығарушының осындай тәсілі өзінің мәні бойынша экономикалық мүдделерді ғана қамтамасыз еткен бұрынғы артықшылықтар жүйесінен көп ерекшеленген жоқ; айырмасы мынада ғана болды: артықшылықтар жеке сипаттағы актілер болып табылса, авторлық құқық туралы заңдар әмбебап әрекеттегі актілерге айналды. Мұндай тұжырымдама «авторлық құқық» тұжырымдамасы атауын алды (copyright).

Қазақстан Республикасында «зияткерлік меншік» термині ғылыми айналымға және заңнамаға 90-шы жылдардың басында енді. Зияткерлік меншік объектілерін – өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілер мен тауар белгілерін қорғау – Қазақстанның мемлекеттік реттеуінің жаңа саласы.

Қазіргі уақытта 1992 жылы басталған зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында заңнамалық базаны қалыптастыру жөніндегі мемлекеттің жұмысы мақсатты сипат алып отырғанын айқындауға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы күшіне енгеннен, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі шыққаннан (бұдан әрі – ҚР АҚ), сондай-ақ 1996 жылы «Авторлық құқық және аралас құқықтар туралы», 1998 жылы «Жосықсыз бәсеке туралы»; 1999 жылы «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы»; 1992 жылы «Патент заңы»; 1999 жылы «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы»; 2001 жылы «Ғылым туралы»; 2001 жылы «Интегралдық микросхемалар топологияларын

құқықтық қорғау туралы»; 2002 жылы «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» арнайы заңдардың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да заңнамалық актілері мен қаулылары шыққаннан кейін қағидатты өзгерістер болды. Осының өзімен зияткерлік меншік институтының жұмыс істеуіне арналған заңнамалық база қалыптастырылды, оның ұғымы заңды түрде бекіді.

Зияткерлік меншік туралы жалпы ережелерге жатқызылған және «Авторлық құқық» тарауында өз іс-қимылын тарататын ҚР АҚ 963-бабының 3-тармағымен авторлық құқықты иеліктен айыруға және басқа адамға беруге болмайтыны және оған шығармашылық еңбегімен зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижесін жасаған адам ғана ие болатыны анықталған. Авторлық құқық өзінің идеяларына, тұжырымдамаларына, қағидаттарына, әдістеріне, жүйелеріне, үдерістеріне, ашылымдарына және фактілеріне таратылмайды. Егер шығарма екі немесе одан да көп жеке тұлғалардың бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалса, олар тең авторлар болып танылады және авторлық құқықтары бірдей. Тең авторлардың әрқайсысы дербес мәнге ие, олармен жасалған шығарманың бөлігін өз қалауы бойынша, егер олардың арасында жасалған келісімде өзгеше көзделмесе, пайдалануға құқылы. Тұтастай алғанда шығарманы пайдалану құқығы тең авторларға бірлескен түрде тиесілі. Заңды тұлғалар үшін авторлық құқық танылмайды, олар шығарманы және (немесе) автормен шарт немесе заңнамада көзделген басқа негіздер бойынша аралас құқықтардың объектісін пайдалану құқығын алған құқық иеленушілер ғана болуы мүмкін.

ҚР Азаматтық кодексіне және Авторлық құқық туралы Заңға сәйкес авторлық құқықтың объектілері мыналар болып табылады:

- әдеби туындылар;
- драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;
- сценарийлік туындылар;
- хореография және пантомима туындылары;
- мәтінді немесе мәтінсіз музыкалық туындылар;
- аудио-бейне туындылар;
- кескіндеме, мүсін, графика туындылары мен басқа да бейнелеу өнерінің туындылары;
- қолданбалы өнер туындылары;
- сәулет, қала құрылысы және бау-саябақ өнері туындылары;
- фотосурет туындылары және фотосуретке ұқсас тәсілдермен алынған туындылар;
- географияға, топографияға және басқа да ғылымдарға жатқызылған карталар, жоспарлар, нобайлар, безендірмелер және үш өлшемді туындылар;
- ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар;
- өзге де туындылар.

Авторлық құқық объектілеріне, сондай-ақ:

1) туынды шығармалар (аудармалар, өңдеулер, аннотациялар, рефераттар, түйіндеулер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық аранжировкалар және ғылым, әдебиет пен өнер туындыларының басқа да қайта өңделімдері);

2) жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және басқа да іріктелу және (немесе) материалдардың орналасуы бойынша шығармашылық еңбек нәтижесі болып саналатын құрастырылған туындылар жатады [1, 972-бабы, 7-бабы].

Қазақстан тұтастай алғанда бірқатар халықаралық шарттар, келісімдер және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымдарының (ДЗМҰ) қамқорлығымен жұмыс істейтін конвенциялардың қатысушысы болып табылады, олардың ішінде аса маңыздылары 1993 жылғы 16 ақпанда жарияланды:

- Дүниежүзілік Зияткерлік меншік ұйымын құратын конвенция;
- Өнеркәсіптік меншік қорғау жөніндегі Париж конвенциясы;

- Патент кооперациясы туралы шарт (РСТ);
- Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі.

Зияткерлік меншікті қорғауды қамтамасыз етудегі аса маңызды кезең Қылмыстық кодексті және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексті қабылдау болғанын атап өткен жөн, ол қылмыс және зияткерлік меншік құқықтарымен байланысты құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті көздейді.

Жоғарыда баяндалғанды түйіндей келе, зияткерлік меншікті қорғау өркендеуші мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігі мәселелерінің қатарына кіретінін атап өту қажет, бұл жерде бөгде меншікті, ақыл-ойды, жеке адамды құрметтеуге негізделген өркендеуші азаматтық қоғамды құру туралы сөз болып отыр.

Қабылданған шешімдердің маңызды деңгейін, мемлекет алдына қойылған міндеттердің өзектілігін ескере келе, Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігінің қысқа мерзімі ішінде басқа мемлекеттермен ынтымақтасуға, оған халықаралық аренаға шығуға, сондай-ақ зияткерлік меншік саласында өз азаматтарының құқықтарын тиісті көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін белгілі бір заңнамалық базада жасалғанын айқындауға болады.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) 1 шілде 1999 ж. № 409-1 [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <http://www.zakon.kz/>.
2. Птушенко А. В. Правовая защита интеллектуальной собственности [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <http://1iter-1ib.ru>.
3. Рагимова А. О. Зияткерлік меншік. Тарих және қазіргі заман. – М., 2009.
4. Афанасьева В. И. Манифест 1812 года – первый российский закон об авторских правах // История государства и права. – 2007. – № 6.
5. Авторлық құқық қалай пайда болды [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <http://evolutsia.com>.
6. Питов А. В. История формирования авторского права [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <http://www.a-priority.ru>.
7. Немов В. И. Ақыл-ой және оны білдіру тәсілдері // Қоғам және экономика. – 2006. – № 10.
8. Колесников А. Артықшылықтан – патентке қарай. Өнертапқыштарға арналған артықшылықтар туралы алғашқы заңнамалық актінің Ресейде қабылданғанына 190 жылдығына орай // Зияткерлік меншік. Өнеркәсіптік меншік. – М., 2002. – № 6. – 71–73-б.

Некоторые вопросы определения подсудности гражданских дел специализированным межрайонным экономическим судам

Адам М. А.

Аңдатпа

Мақалада азаматтық істер бойынша мамандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттауға жатқызылуын анықтау кезінде туындайтын мәселелер, соттар жіберетін кейбір қателіктердің себептері қарастырылады. Автор заңның өрескел бұзылуының алдын алу және жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық істер бойынша мамандырылған ауданаралық экономикалық соттардың сотталуға жатқызылуын анықтайтын біркелкі сот тәжірибесін қалыптастыру мақсатына сәйкес нормативтік қаулы қабылдау қажет деген қорытындыға келеді.

Аннотация

В настоящей статье раскрываются вопросы, возникающие при определении подсудности гражданских дел специализированным межрайонным экономическим судам, приводятся наглядные примеры допускаемых судебных ошибок при определении подсудности. Автор полагает, что для дальней-